

«М.А. Гендельманның 110 жылдығына арналған «Сейфуллин оқулары – 19» халықаралық ғылыми-практикалық конференциясының материалдары = Материалы международной научно-практической конференции «Сейфуллинские чтения – 19», посвященной 110 - летию М.А. Гендельмана» - 2023.- Т. II, Ч.1.- Б. 97-99.

ӘОЖ619:591.2(075.8)

ИНФЕКЦИЯЛЫҚ РИНОТРАХЕИТ КЕЗІНДЕГІ МЫСЫҚТАРДЫҢ ҚАН КӨРСЕТКІШТЕРІ

*Ашимова К.К., в.э. к, доцент
Арасанбек Н., 5 курс студенті
С. Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу
университеті, Астана қ.*

Мысықтардың инфекциялық ринотрахеиті–мысықтардың жіті және созылмалы өтетін контагиозды өтетін ауру, қызбамен, көзбен тыныс алу жолдарының қатаралды қабынуымен сипатталатын ауру. Кейбір жағдайда асқорыту жолдары қосымша зақымдалады. Мысықтар құсады, олардың іштері өтеді. Ринотрахеит бронхит және пневмониямен асқынады. Ауру ұзаққа созылса, ОЖЖ зақымдалады. Ауру жиі жылдың суық және жаңбырлы кезеңдерінде тіркеледі [1,2].

Жұмыстың мақсаты-инфекциялық ринотрахеит кезіндегі мысықтардың қан көрсеткіштерін зерттеу.

Зерттеудің материалдары мен тәсілдері. Зерттеу жұмысы Астана қаласының «Love Animals» ветеринарлық клиникасында жүргізілді. Экспериментке үш мысық тәжірибе және бақылау тобына алынған. Тәжірибе тобына инфекциялық ринотрахеит ауруымен ауырған мысықтар алынды. Бастапқы мысықтардың дене температурасын, пульсін, тыныс алуы өлшенді. Мысықтардан алынған қан көптеген көрсеткіштерге жалпы қолданатын тәсілмен гематологиялық Micro CC-18 анализаторында зерттелді.

Тәжірибе алынған мысықтардың температурасын электронды термометр арқылы анықталды. Мысықтардың пульсін сан артериясына екі саусақты қою арқылы, 15 секундте санап, ол көрсеткішті 4 көбейту арқылы анықтайды. Тыныс алуды өлшеу үшін мысықтардың кеудесіне зерттеуші алақанын қою арқылы анықтайды. Тыныс алудың кимылының 15 секундте санап, 4 көбейтеді [3,4].

Сосын мысықтардың жалпы күйін, кеңестікте орналасуын, көзін, конъюнктивасын, көздің саңылауы ашып қаралды, терісі, лимфа түйіндер тексерілді.

Эритроциттерді, лейкоциттерді, лейкограмманы СС-18 арқылы анықталды. Зерттеу нәтижесі 1№ таблиціде көрсетілген.

1 кесте -Тәжірибеге алынған мысықтардың клиникалық көрсеткіштері.

Атауы	Тәжірибеге алынған мысықтардың көрсеткіштері (n=3)	Бақылауға алынған мысықтардың көрсеткіштері (n=3)
температура	40,1±0,02	38,6±0,3
пульс	140±0,6	128,4±0,4
Тыныс алуы	43±0,2	26,4±0,1

Жүргізілген клиникалық зерттеулер нәтижесі бойынша 1-таблицада зерттеуге алынған мысықтардың дене температурасы 40,1±0,02, бақылау топтағы көрсеткіштен біршама жоғары.

Ауырған мысықтардың пульсі да жоғары, оның көрсеткіші 140±0,6 тең, бақылау топтағы көрсеткіш 128,4±0,4. Сонымен қоса, зерттеуге алынған мысықтардың тыныс алуыда жиілеген 43±0,2, ал бақылауға алынғандарда 26,4±0,1. Салыстырғанда бұл көрсеткіш 1,6 есе жоғары. Бұл көрсеткіштердің жоғарлауы температураның көтерілуіне байланысты болып тұр.

Сыртқы клиникалық белгілерге келсек, көрнекті байқалатын конъюнктивит және ринит.



1-сурет - Мысықтың көзінің жасаурауы

Жиі мысықтардың көздері жасаурап, ісіп, қызарып кеткен, танауларының, жұтқыншақтың, көмейдің кілегейлі қабықтары ісініп, домбыққан, қызарған, серозды-кілегейлі сұйықтық ағады, кейде танаудың үстінде, кілегейлі қабықтар ақ жабындымен немесе қабыршақпен жабылады. Мұндай мысықтарды «қызыл мұрын»деп атайды. Мысықтар жалпы

әлсізденіп, тәбеті жоқ, су мен азықты қабылдау қиындайды, мазасызданады, оларда гиперсаливация, ентігу байқалады.

2 кесте - Қанның жалпы көрсеткіштері

Атауы	Тәжірибе тобы мысықтардың көрсеткіштері	қан	Бақылау тобы мысықтардың көрсеткіштері	қан
Гемоглобин, г/л	148±0,12		120±0,7	
Эритроциттер, млн/мм ³	6,74±1,9		6,1±0,3	
Түсті көрсеткіш показатель показатель	0,55±0,06		0,85±0,04	
Лейкоциттер, тыс/мм ³	21,71±0,022		7±0,011	
Эозинофилдер, %	7,2±0,05		2,5±0,02	
Базофилдер, %	1,1±0,06		1±0,04	
Моноциттер, %	22,6±0,12		2,7±0,05	
Лимфоциттер, %	36±0,04		28,5±0,05	

2 кестеден көргендей гемоглобин және эритроциттер көрсеткіштері шамалы көтерілген. Эритроциттердің санының көбеюі су-тұз алмасуының бұзылуынан, гипогидратацияның болуы. Осының бәрі асқорыту жолдарының дисфункциональдық өзгерістерге байланысты. Жоғарғы тыныс алу жолдарындағы қабыну процесі эритроцит пен гемоглобиннің санын көбейтеді, бұл гипоксия мен қызбаға компенсаторлық процесс болып саналады.

Эритроциттің гемоглобинмен қанығуы немесе түсті көрсеткіш 0,55±0,06 тең, ол шамалы төмен, қалыпта бұл көрсеткіш 0,85±0,04 тең, бұл көрсеткіш организмнің интоксикациясын білдіреді. Токсикалық заттар әсерінен эритроциттерді гемоглобинмен қанығуы азаяды.

Лейкоциттер саны көбейіп, 21,71±0,022 санға тең, қалыпта 7±0,011. Лейкоциттердің көбеюі организмнің қорғаныш қабілетіне байланысты. Лейкоцитарлық формулада эозинофилдер 7,2±0,05 көрсеткішке жетті, қалыптымен салыстырғанда, басқа лейкоциттерің саны, мысалы, базофилдер 1,1±0,06, лимфоциты 36±0,04 өзгеріссіз.

Негізінен лейкоциттер санының көбеюі моноциттердің көбеюіне байланысты. Оның саны $22,6 \pm 0,12$ санды құрады. Моноциттердің санының көбеюі организмда септикалық процестердің басталғанын, организмнің интоксикациясын білдіреді. Моноциттердің қызмет, ол жасуша қалдықтарын, әртүрлі улы заттардың жою.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Распространение и клиническое проявление ринотрахеита кошек [Текст] / Соавт.: Т.И. Глотова, А.Г. Глотов // Актуальные проблемы ветеринарии и сельскохозяйственной биотехнологии. Матер. III Междунар. науч.-практ. конф. -2007.-С. 64-69.
- 2 Лечебная эффективность ридостина при ринотрахеите кошек [Текст] / Соавт.: Т. И Глотова, и др. // Первый съезд ветеринарных фармакологов России, Воронеж 21-23 июня: Материалы съезда.- Воронеж. -2007. - С. 208-212.
- 3 Кузнецова Е.А. Функц-ионально-биохимический и иммунный статус кошек в норме и при комплексной терапии инфекционного ринотрахеита [Текст] / Е.А. Кузнецова, И.А.Пахмутов// «Ученые записки КГАВМ».-Казань.-2015.- Т.221 (1). -С. 128-132.
- 4 Ellis T. M. Feline respiratory virus carriers in clinically healthy cats [Текст] / Т.М. Ellis // Aust. Vet. J.-1981.-№ 57.- P.115-118.